


Бекітемін:
Қызылұйым а НОМ
мектебінің директоры:



Тексерілді : 

Директордың оқу ісі жөніндегі

орынбасары Дюсембекова А,

**«Ақмола облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы білім бөлімі
бойынша Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды дайындық сыныбының**

**ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЦИКЛОГРАММА
жоспары**

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама) ұсынылады. Астана, 2024ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша) талаптарына сәйкес әзірленді.

Мектепалды сынып тәрбиешісі: **Аубакирова А.Ж.**

Мектепалды дайындық сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Қызылұйым а НОМ»КММ

Сынып/Топ: Мектепалды дайындық сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас



Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09.- 06.09.2024-2025 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)



Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 02.09.24	Сейсенбі 03.09.24	Сәрсенбі 04.09.24	Бейсенбі 05.09.24	Жұма 06.09.24
13:45-14:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында					
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс.				
	Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру Дидактикалық әрі үстел үсті еркін ойын жаттығу: «Мен спортты сүйемін!» Түсіндірме жазба: Ойын арқылы баланың денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға,жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді. Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу,	Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру Қауіпсіздікті сақтаймыз Дидактикалық әрі үстел үсті саусақ ойын жаттығу: «Суреттерді сөйлетіп,құрай біл» Түсіндірме жазба: «Суреттерді сөйлетіп,құрай біл» балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық	Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру «SMART BALA» жобасы арқылы LEGO құрастыру ойыны «Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал» Түсіндірме жазба: «Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жаяу жүргіншілер үшін көпір салу бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін	Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «Заттың түсін сәйкестендір» Түсіндірме жазба: 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала заттарды түсі бойынша сұрыптауды үйренеді, зейіні мен логикасын	Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру Дидактикалық,сюжетті-рөлдік еркін ойын жаттығу: « Көкөністер мен жемістер жәрменкесі(құрап,жинау)» Түсіндірме жазба: « Көкөністер мен жемістер жәрменкесі(құрап,жинау)» ойыны –қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған.

	тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту. Міндет: балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру; балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Дағды: Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар: Жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу. Түсініктеме: Балмұздақ таяқшасы – екі жақ ұшы тегіс жіңішке ағаш таяқша. Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: Ойынға барлық балалар саны қатыса алады, сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға гимнастикалық доп береді, сол баланың жұмысы тексеріледі. Үлестірмелі карточкадағы берілген схема бойынша адам	жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Міндеттері: - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру; Дағды: - қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Кіріктірілген: Сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар. Қосымша жабдықтар: Санағыш таяқшалары Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне санағыш таяқшалары ал, екіншісіне ұқсас заттар қойылады. Үстелдегі заттар арасынан осы пішінге ұқсас затты табады. Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. Ықтимал күрделендіру: Құрастырылған заттарға байланысты жұмбақтар шешу.	жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Міндеттері: Балалардың көпірлер, олардың құрылымы, мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; көпірді жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды үйрену; Талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз ғимаратыңызды құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, мүмкіндігін күшейту. Дағды: Жасалып жатқан ғимараттар мен балалардың айналасындағы өмірде көретін нәрселері арасында байланыс орнату қабілетін дамытуды жалғастыру, берілген тапсырманы аяғына дейін орындауға дағдыландыру. Құрылымдардың негізгі бөліктері мен сипаттамалық бөлшектерін анықтау қабілетін нығайту. Кіріктірілген: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу. Қосымша жабдықтар: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, әр балаға арналған әртүрлі ені бар көк қағаз жолақтары, көпір	жаттықтырады, заттардың көрнекі қабылдауын күшейтеді. Міндеттері: - баланың заттарды түсі бойынша талдау және жіктеу қабілетін дамыту; - тақырып бойынша сөздік қорын молайту. - саусақтардың ұсақ моторикасын және заттарды көрнекі түрде қабылдауын дамыту. Дағды: Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Ойынға деген қызығушылықты ояту, ерекшеліктерін игеруге, ұқыпты жұмыс жасауды, сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру. Талапты болуы: Қарындаштардың түсі оларға сәйкес заттармен біріктіру, түсіне байланысты. Ғалымдар сурет салу адамның есте ұстау қабілетін жақсартатындығын дәлелдеді. Қолынан келуі керек: Түстерді ажырата отырып, оларды кеңістікте бар заттармен, қоршаған ортамен айтып беру. Бала өзіңе керегі бояу қарындаштарды таңдап алып, соған сәйкес суреттерді іздеп табады. Кіріктірілген: сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу. Қосымша жабдықтар:	Балалардың өздері жиі көретін кейбір көкөністер мен жемістер туралы (жергілікті жағдайды ескеріп) түсініктерін нақтылау. Бұл ойынның көмегімен бала сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған, ұсақ қол моторикасын дамыту) Міндеттері: Жемістер мен көкөністерге түсінік беру; оларды ажырата білуге үйрету; ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту; балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету; Оларды шынайы түрде және суреттерден тануға жаттықтыру. Дағды: көкөністер мен жемістерді айыра білуге дағдыландыру. Ұлттық құндылықтар: Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Кіріктірілген: математика негіздері, сурет салу, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу. Қосымша жабдықтар: Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. Араласып
--	--	---	--	---	---


	бейнесіне сәйкес сіріңке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады. Ықтимал күрделендіру: тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр. Ойынның іс-қимыл арқылы жасау нұсқаулары: Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ». Жалпы дамыту жаттығулар кешені Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар №1 жаттығулар кешені 1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою,	Ойынның нұсқаулары: Құрастырылған жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды, атауларын жатқа айту. Осы санағыш таяқшалары арқылы тағы не құрауға болатыны жайлы әңгімелеу. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү -ү –тү-түл-кі – түлкі. І -і -пі –кір-пі – кірпі. Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу «Доп» жаттығуы Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап? Секіресің, зырлайсың, Бір орнында тұрмайсың. Қосымша жабдықтар: 1.Жұлдыз <i>Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып, Қарасам толып жатыр көзін ашып. Үйіме сәулеленіп түссе жарық, Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып.</i>  2.Үй Төрт қарны бар,	туралы жұмбақ, құрылыс бөліктерінің сызбалары «жоғарғы көрініс - түзу көрініс - бүйірлік көрініс», иллюстрациялар - әртүрлі көпірлердің суреттері . Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: Алдын ала жұмыс. Көліктерге арналған көпір - қандай көпір? – Автокөлік көпірі Көлікке арналған көпір – Көлік тасымалдауға арналған көпір Темір жолға арналған көпір – көпір темір жол темір жолы – автомобиль Жаяу көпір – Жаяу жүргіншілер көпірі Бетон көпір – Бетон көпір Металл көпір – Металл металл көпір Мүздан жасалған көпір – мұз мұзынан жасалған көпір Кірпіш көпір – Кірпіш көпір Карталарыңызға мұқият қараңыз. Олар көпір салу үшін қандай бөліктер қажет екенін көрсетеді. Көрсетілген бөліктердің арасында текше жоқ, мұғалім балаларды бар бөліктерді (2 жарты текше) пайдаланып ауыстыруды табуға шақырады. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды. Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі. Ықтимал күрделендіру: тез ойлау. Ойынның нұсқаулары: Жұмыс ретін бекіту.	балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек. Ықтимал күрделендіру: өз - ара бір - біріне жақын түстерді ажырата білу. Ойынның нұсқаулары: Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады. Берілген карта суреттерге байланысты әрбір қарындашқа жапсырады, егер толық түсінбей жатса онда II нұсқа бойынша жұмыс жасайды, яғни жұптық жұмысқа сәйкес. Көзге арналған жаттығулар: 1.1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып, сонан кейін ашып, жайбарақат ұстап, 1-6-ға дейін санай отырып, алысқа қарау қажет. 4-5 рет қайталау қажет 2.1-4-ке дейін санай отырып, екі көзді оларға қатты күш салмай, бір-біріне қаратып, соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап, 4-5 рет қайталау керек. 3.1-4-ке дейін санап, басты қозғамай, оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату, соңында 1-6-ға дейін санап, алысқа	жатқан суреттерден көкөніс пен жемісті тауып құрастыру. Ықтимал күрделендіру: Көлеміне, пішіндеріне қарай сипаттап айтып беру. Өз ойларын еркін жеткізу. Ойынның нұсқаулары: пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау. Есіңе сақтап ал: Көкөністер мен жемістерді көп жесендер денсаулықтарың мықты болады. Өйткені оларда дәрумендер көп. Сондықтан бұларды баптап жақсылап өсіріп қарайық. Пайдасы: Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесендер бойларың өседі. Жемістер мен көкөністерді көбірек жеуіміз керек. Өйткені оларда дәрумендер көп, дәрумендер адамдарға күш, қуат береді. Тіл ұстарту жаттығуы: Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Сә – сә – сә – сәбіз, Ши-ши-ши –ши. Ал- ал- ал – алма Пи- пи – пи – пияз Шығармашылық жұмыс: Алдарындағы парақтарға кім өзінің жақсы көретін көкөнісі және жемістің суретін салу керек. Салған суреттеріңді атап, қандай
--	--	--	--	--	--

	таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, есекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау. 3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2 – таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босансу. 6 рет қайталау. 5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау. 6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау. 7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен	Бір аузы бар.  3. Мысық Мұртын сипап күн бойы, Бетін сусыз жуады. Тысырды андып түн бойы, Тышқанды көп қуады.  4. Керік Мойыны сорайған, Сирағы серейген. Теңбіл шұбар терісі, Шөлдегі аңның ірісі. Жонында жалы бар, Бұл қандай жануар.  5. Көбелек Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бакшам гүлге толады.  6. Қоңыз Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көріңіз,	Құрастырудан жұмыс реттілігі: 1. Көпірдің бөліктерін атайды: тіректері, жүретін бөліктері, сүйеніштері, төмен түсетін ылдиы (екі көпірде әртүрлі пішінде: біреуі- басқыштармен, біреуі- тегіс). 2. Алдымен көпірдің тіреулері, содан соң баетонның үстіңгі бөлігі, төмен түсетін ылдилары, сүйеніштері жасалады. 3. Құрылыс материалдарын кезектестіріп қойып, астынан машиналар ары-бері өтетіндей көпірді құрастырып көрсетеді. Жұмыстың соңында балалар құрылыста қандай бөлшектерді және не үшін пайдаланғанын айтады. Тілдік жаттығулар: «Бип-бип-бип», — дейді «Жолдан былай кет!» — дейді. «Жол шетінде күт!» — дейді. Көшеде жүруге асыға, Күшікті басуға, басуға, Болмайды, болмайды, машина! «Бип-бип-бип», — дейді, Болмайды, болмайды, машина. Бип-бип-бип! Дыбыстық жаттығулар: Мәшинені көрсетеу және оның қалай гүрілдейтінін сұрайды («бң-ң, бң-ң»). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тында, былай «бң-ң, бң-ң» (дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап ақырын айтады) «бң-ң, бң-ң». Балаға дыбыс	қарау. Осы тәрізді басты қозғамай, солға, жоғары, төмен қарау керек. Бой сергіту: Аяқтарың орнында иә-иә-иә Алақанды соғайық иә-иә-иә Енді алға созамыз соқ-соқ-соқ Енді артқа созамыз тез-тез-тез Биік – биік шығамыз тез-тез-тез Қолымызды шайқаймыз шок шок-шок Демаламыз қане біз уф-уф-уф Саусақ жаттығуы: Болу үшін тым епті Қозғалтайық білекті Саусақтарым әйбат Былай-былай ойнат Қосымша жабдықтар: 	жағы ұнайтынын айтасындар. Сипаттамалық жұмыс: Тіл дамыту. Мынау жеміс алма Мынау жеміс алма. Алма домалақ. Мынау жеміс алма. Алма домалақ, тәтті, қызыл. Мынау көкөніс қияр Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ. Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ, жасыл, дәмді. Қосымша жабдықтар: 
--	--	---	--	---	--

алмастырып, қайталау.
Қосымша жабдықтар:



Шешуін кім табады?




7. Балық
Суда өседі, өнеді,
Сыртқа шықса, өледі.



8. Кітап
Жаны жоқ болса да,
Ақылды адам ісін
істейді.



9. Әткеншек
Жоғары төмен,
Ойнатамыз тербетіп.
Жауабын сен,
Таба ғойшы тездетіп.















10. Күрек
Жұмылмайтын
жұдырық,
Бүгілмейтін білек.




11. Орындық
Аяғы төртеу, жүре
алмайды,
Не жатып бір сәт те
дем алмайды.
Отырған адамға дап –
дайын,


тіркестерін біресе қатты,
біресе жай қайталау
ұсынылады.
Сарамандық жұмыс: Балалар
жүргізушілерді бейнелеп,
қолдарында тұтқа сынып
ішінде «бң-ң, бң-ң» деп айтып
бытырап жүруге болады.

Қосымша жабдықтар:






Тік ұстап тұрар
тақтайын.




12. Кеме
Ақ шатырлы бір қала,
Суда жүзіп жүр дара.














13. Саңырауқұлақ
Аяғы бар, қалпағы
бар,
Орманда ол өседі.




14. Сәбіз
Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл
түлкіні.
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні.




15. Ту
Айнымайды
аспаннан,
Көгілдір оның бояуы.
Оны халық қашанда,
Биікке іліп қояды.






16. Зымыран
 Ұшады қанатсыз,
 Зырлайды аяқсыз.







17. Шырша
 Жасыл ине киімім,
 Жайлаймын тау
 биігін.
 Жаңа жылды
 тойласаң,
 Төріңдемін үйіңнің.



18. Пальма ағашы
 Сыйдиган бойы –
 Сырықтай,
 Жапырағы үлкен –
 Ұлтандай.
 Даңғарадай баскиім,
 Басына киген
 сұлтандай.



19. Хат
 Аяғы жоқ жүреді,
 Аузы жоқ сөйлейді.



		 20. Ожау (шөміш) Басы құдық – Сабы сырық. 			
Таңертеңгі жаттығу Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i> 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен түсіру (5 рет). 2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу	№2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i> 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру (4 рет). 2. Б.қ.: сондай, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға (солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу,	№3 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i> 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға ауыстырып, қолды түсіру (8 рет). 2. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет). 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру.	№ 4 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 жиынтық <i>Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i> 1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру. 2. Б.қ.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен). 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру.	№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық <i>Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары</i> 1. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – беторамалды көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда беторамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). 3. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, беторамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.қ.: беторамалды жоғары көтеру, отыру, беторамалдың артына жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).

	көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет). 4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).	дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен)). 4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).			5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет).	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
<i>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты</i>						
ҮІӨ уақыты: 14.00 15.50	14.00-14.20	Дүйсенбі 02.09.24	Сейсенбі 03.09.24	Сәрсенбі 04.09.24	Бейсенбі 05.09.24	Жұма 06.09.24
	14.30-14.50 15.00-15.20 15.30-15.50					
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Сурет салу Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.00-14.20						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	1.Математика негіздері – ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Кеңістікте бағдарлау. ҮІӨ міндеті: -сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту; -шыдамдылыққа,	1. Сауат ашу негіздері - тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Дыбыс. ҮІӨ міндеттері: табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру; көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету; ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты	1.Математика негіздері – ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау. ҮІӨ міндеті: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа,төзімділікке тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын	1.Математика негіздері – ойын, зерттеу іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. ҮІӨ міндеттері: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту,логикалық ойлау,	1. Сауат ашу негіздері -тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Сөз. ҮІӨ міндеттері: -сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру; -сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дағды: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын,заттың сапасын білуге	


	төзімділікке тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта түсіндіруді біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым балаларды «Қайда барасың? Не табасың?» ойынын ойнауға шақырады. Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына ойыншықтарды жасырып қояды. Ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағына аюды, сол жағына шакафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына машинені жасырады. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тыққан ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: – Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, машинені табасың. Қайда барғың келеді? Нені тапқың келеді?	аяқтауға тәрбиелеу. Дағды: Қағылезділікке, бастаған істі аяқтай білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Қолданады: саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Балалар көңілді күйде шаттық шеңберіне тұрады. Өлеңді қимылымен айтып, қайталайды. Қуан шаттан, алақай, Қуанатын күн келді! Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым! Педагог балаларды жаңа басталатын «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған іс-әрекетімен таныстырады және нені үйренетіндерін түсіндіреді. Үлестірмелі материалды көрсетеді, жұмыс дәптерімен жұмыс жасау үшін қолданылатын шартты белгілермен таныстырады. – Үстелде дұрыс отыруды, дұрыс қалам ұстауды үйрен. Сымбатты мүсін тек әдемілік үшін емес, ол денсаулыққа пайдалы. – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай	дамыту. Күтілетін нәтижелер: заттардың қағаз бетінде, кеңістікте орналасуын түсіндіруді біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Ойыншық қай жерде?» деп аталатын қызықты ойын әзірлегенін хабарлайды. Ойынды жеке немесе жұппен ұйымдастыру үшін балалар ойын алаңын және ойыншықтар бейнеленген карточкаларды алады. Педагог ойыншық салынған карточканы көрсетіп, тапсырма береді: зымыранның суреті салынған карточканы жоғарғы оң жаққа қойындар, зымыранның астына машиненің суреті бар карточканы салындар. Балалар суреттерді орналастырады. Содан кейін педагог заттардың атауын айтады, ал балалар оның орналасқан жерін атайды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Балалар мәтінді тыңдайды (педагог мәтінді оқиды). Оң қолыңды жоғары көтер. Ортадағы жапырақтың түсі қандай? Жасыл түсті жапырақтың айналасындағыларды көрсетілген түспен боя.  Әрі қарай балалар шартты белгілермен мұқият танысады. Педагог балалардың назарын бағыттаушы сызыққа аударып, заттың қай жерде екенін көрсетеді, ал қарындаштың	есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Ойындық жағдаят. Сырым мен Әлия (№1 парак) ойнауға шақырады. Ұйымдастырылған іс-әрекеті басталар алдында педагог топтық жұмыс үшін үлестірмелі материалды (№11 парак) дайындайды, жұмыс алаңы және гномдар. Педагог «Серуендегі гномдар» ойынын ұйымдастырады: суретте алаңда гномдар серуендеуге шықты. Ең үлкен гномды алаңның ортасына қояды. Одан әрі қарай педагог қалған кейіпкерлерді оңға, солға, жоғары немесе төмен орналастыруды сұрайды. Ойынның тағы бір нұсқасы болуы мүмкін, онда балалар кейіпкерлерді өздері орналастырады, содан кейін олардың орналасқан жері туралы айтады. Педагог іс-әрекетінің	дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: сөздерді атайды, мағынасын түсінеді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді болып жүрейік. – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог балаларға ыммен «<i>отырыңдар</i>», «<i>сөйлемеңдер</i>», «<i>тынышталыңдар</i>», – деп белгі береді. Сөздік жұмыс: <i>Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.</i> – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «<i>ағаш</i>», енді сендер бір сөзден айтындар. Ал шатасып кетпес үшін мына стаканға әр сөз айтылған сайын бір қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Балалар ойлаған сөздерін
--	---	--	---	--	--

	Бала жүру бағытын атайды және жасырылған ойыншықты іздеуге кіріседі. Ойын бірнеше рет қайталанады. Педагог балалардың сөйлеу кезінде: «алға, оңға, солға, артқа, тура» сөздерін айтуын қамтамасыз етеді. Педагог балаларды іс-әрекет кезінде жұмыс істеуге арналған жұмыс дәптерімен таныстырады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Үй ішіндегі қыз бен ұлды көрсет. Олардың оң жағында және сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында не орналасқанын ата. Балалар 1-тапсырманың суретін анықтап қарайды. Мысалы: «Үй ішіндегі қыз бен ұлды көрсет. Олардың оң жағында және сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында не орналасқанын сұрайды. Үйдің жоғарғы және төменгі қабатында қандай бөлмелер орналасқан?» Түсіну деңгейі: 2-тапсырма. Ит қай жерде отыр? Айтып бер. Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін сал. Үйшіктің қасында иттің орналасу суреттері берілген, оларды жұптық жұмыстарда қолдануға болады. Балалар үйшікке қатысты иттің орналасу жерін атайды. Педагог балалардан сөйлеу кезінде: «сол жақта», «оң	болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог: – Табиғатта түрлі-түрлі дыбыстар бар. Педагог ұнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдатады. – Балалар, құстың шиқылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар. «Көрсет» ойын-жаттығуы. 1. Жылан қалай ысылдайды? 2. Қасқыр қалай ұлиды? 3. Жапырақтар қалай сырдырайды? 4. Жаңбыр қалай тамшылайды? 5. Ит қалай үреді? Түсіну деңгейі: «Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады.	түсін қалай бояу керектігін түсіндіреді. Түсіну деңгейі: Шартты таңбаларды «оқып беруді» өтінуге болады. Мысалы, сол жақта, төменде орналасқан затты жасыл түске бояу керек. Педагог тапсырманы толықтыра алады. Мысалы: Қағаз парағының жоғарғы бөлігінің ортасына бұлттың суретін салуға болады. Суреттегі үзік сызықтарды көрсетілген бағытта бастырып сыз. Сергіту сәті. «Ормандағы серуен». Балалар бір орнында қадамдар жасап, мәтінде айтылғандай басын жоғары – төмен, оңға – солға бұрады. <i>Бұталар мен төмпешіктен Аттап өтіп жеңілдікпен, Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік. Енді жеттік, тоқтадық, Кел, достарым, жайғасып, Отырайық демалып. Тынығамыз, күш жинаймыз, Одан кейін сапарға Аттанамыз қайтадан.</i> 2-тапсырма. Қолшатырларды берілген бағыт бойынша қарындаштардың түсіне сәйкес боя. 1-тапсырмаға ұқсас орындалады, сонымен қатар балалардан тапсырманы орындау алдында шартты белгілерді «окуды» сұрайды. Қолдану деңгейі: 3-тапсырма. Суреттерді түймедақ үстінде, ал жапырақ	тақырыбын ашуға көшеді. Түсіну деңгейі: Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әжеге осы заттарды үйден табуға көмектес. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдаланып, олардың қай жерде екенін айт. Егер әже аулада болса, онда ол аталған заттарға қалай жетеді? Әрі қарай педагог «Әжеге көмектес» ойынын ұйымдастырады. Балаларға «сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдалана отырып қозғалыс бағытын жасауды ұсынады. «Әже ас үйде» жағдаятын ойната алуға болады. Әже балалар бөлмесіне қалай барады? Аулаға қалай шығады? Жуынатын бөлмеге қалай барады? Сергіту сәті. <i>Кәне қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық.</i> 2-тапсырма. Суреттерді боя. Қозылардың қайда жүргенін ата. Оларға «шөптің» суретін сал. Үзік сызықтарды жиектеп сызу кезінде педагог балалардың назарын дәптердің ыңғайлы орналасуына, алға қарай қатты иілуге болмайтынына, қарындашты дұрыс ұстау	айтып, бір қарындаштан салып отырады. Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. Сөз заттың атын (<i>үстел, кітап, доп</i>), белгілі іс-әрекетті (<i>жүгіреді, ойнайды, секіреді</i>), түр-түсті (<i>ақ, үлкен, тәтті</i>), білдіреді. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Түсіну деңгейі: «Сөзді өлішеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы – Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды ата. 2. Суреттегі заттардың ұзақ
--	--	--	--	--	---

	жақта», «алдында», «артында» терминдерін қолдануды сұрайды. Үйшіктің алдында отырған иттің жанына доптың суретін салып беруді ұсынуға болады. Тапсырманы басқаша орындау нұсқаларын қолдануға да болады. Сергіту сәті: <i>– Ләйлек, ләйлек, Үйге жолды қалай табам? (Ләйлек жауап береді.) – Оң аяқпен бір қадам, Сол аяқпен бір қадам. Енді қайта оң аяқ, Енді қайта сол аяқ. Одан кейін оң аяқ, Одан кейін сол аяқ. Үйге осылай барасың.</i> Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды. 3-тапсырма. Қызғылт сары жапырақтың оң жағындағы жапырақтарды қызыл, сол жағындағыларды сары түспен боя. Жапырақтарды педагогтің тапсырмасымен жұппен немесе топпен бояуға болады. Мысалы, бір жұп (немесе топ) қызғылт сары жапырақтың оң жағындағы жапырақтарды қызыл, сол жағындағы жапырақтарды сары түспен бояйды. Қолдану деңгейі: 4-тапсырма. Сырым әртүрлі көлік түрлерін қарастырады. Оның оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында және астыңғы жағында қандай	Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсындар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіндер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шүү-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шүү!», «Іңгәә!» Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен) – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: <i>ққол, өзззен, үүй, қассссқыр, дооомбыра, құұұмыра, қаннит, батыыыр, арррба, баллгга,</i>	астында; жапырақ үстінде, ал қызғалдақ астында болатындай боя. Орындау алдында педагог жағдайды суреттейді. Қағаздан кесілген түрлі түсті жапырақшаларды алып, оларды бірінің үстіне бірін қойып, одан әрі түсіндіреді: Содан кейін олардың орнын ауыстырады. Не өзгерді? Осыдан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындай алады (тапсырма: суреттердің бірін таңдау). Педагог соңында балалардан оң жақта, сол жақта, артта, алда кім отырғанын айтуды сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	қажеттілігіне, сызық жиегінен асырып сызбауына және қол шаршағанда, тынығып алу керектігін айтады. Қолдану деңгейі: Саусақ жаттығуы.  Педагог балаларға келесі жаттығуды орындауды ұсынады: «Көжек» – саусақтар жұдырық болып жұмылған. «Көжек» – құлағын созады. Бала сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын түзулеп, екі жакка ажыратады. 3-тапсырма. Атаға қай жерде не тұрғанын табуға көмектес. Тапсырма бойынша суретін сал. Алдыңғы тапсырмаларға ұқсас педагог балалардан шартты белгілерді «оқуды» сұрайды. Мысалы, оң жақ бағытты көрсету сызығы бүркіттің оң жағына бұлттың суретін салу керек екенін көрсетеді немесе т.б. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер	және қысқа айтылуына қарай тиісті таспаға қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар заттарды атайды. Сергіту сәті Адымдаймыз көңілді, Адымдаймыз көңілді, Алға қарай сенімді. Алға қарай сенімді. Тік көтеріп кеудені, Шенбер болып тұрайық, Адымдаймыз жігерлі. Дөңгелекті құрайық. Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 3. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. 4-5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларды үстелде отыру, жазу ережесімен таныстырады. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Үстелде отыру ережесімен таныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан,
--	---	--	--	---	--

	көліктер тұрғанын ата. – Балалар, оң қолымызды көтереміз! Сырымның оң жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Сол қолымызды көтереміз! Сырымның сол жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Педагог балалардың сөйлеу кезінде: «оң жақта, сол жақта, үстіңгі жағында, астыңғы жағында» сөздерінің айтылуын қамтамасыз етеді. Дидактикалық ойын. «Қайда қандай бұйым бар?» Педагог ойыншықтарды еденге қиялдағы шаршы алаңының бұрыштары мен бүйірлеріне және оның ортасына орналастырып қояды. Жетекші бала қолына шаршы ішінен кез келген ойыншықты алады және басқаларға өзінің артында, алдында, оң жағында және сол жағында қандай бұйым немесе заттардың орналасқанын атауға ұсыныс жасайды. Педагог қорытынды жасайды. Балаларға мақтау айтып, ынталандырады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде не қызықты болғанын айтып беруді сұрайды. Әр іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалай алатынын айтып түсіндіреді: – Жұмыс дәптеріндегі бағдаршамның суретін мұқият қара. Егер	<i>балла, шарrrr, дөңгеллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөишишке, шанышишиқы, түлллік, көззз, қоңңырау, құллты, бақққа, сазззан, тышишишиқан, сссан, көрррпе, керррік. (Ойынға барлық бала қатысады).</i> Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (<i>мәәә</i>) Сиыр мөңіреді: (<i>мууу</i>) Жылқы кісінейді: (<i>йоо</i>) Түйе боздайды: (<i>баа</i>) Ешкі бақырады: (<i>мәққ</i>) Жұмыс дәптерімен жұмыс 2. Суреттерге қара. Сен қандай дыбыстарды ести аласың? Табиғат құбылыстарының дыбысын сал. 3. Балалардың дыбысын қайталап айт. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Сергіту сәті Жаттығуды біз бастаймыз, Денемізді тік көтеріп, Орнымызда адымдаймыз. Аяқтарды нық басамыз.		тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Балалар графикалық жұмысты бастамас бұрын, педагог қарындашты қолдарына алдырып алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. – Сөз нені білдіреді? Сөзсіз қарым-қатынас жасау мүмкін бе? Іс-әрекетке жақсы қатысып, белсенді болған балаларды мадақтап, мақтайды. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.
--	--	---	--	---	---

	тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті бояуды ұсынады.	Қатар тұрып тізілеміз, Оңға-солға қолды сермеп, «Бір, екі», – деп біз санаймыз. Қатар болып жұптасамыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) 5. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. Үстелде отыру ережесімен таныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Жеке жұмыс жүргізеді. 4. Тыңда, орында. Саусақ жаттығу Кіп-кішкентай саусақтар Түрлі түсті сызықтарды Шаршамайды, тынбайды. Дәптерлерге жазады. Себебі бұл саусақтар Еңбексүйгіш саусақтар,			
--	--	--	--	--	--

		Жаттығулар жасайды. Бәрінен де озады.			
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру 1 үзіліс - 14:20 - 14:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады. Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан» Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.					
 			Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан» Ойынның міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру. Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру, қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру. Ойынның ережесі: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегі балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша екі шеңбер де тоқтайды. Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын жоғары көтереді – қақпа құрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесі белгіні береді, осы кезде ішкі шеңбер ойыншылары қолдарын лезде түсіреді. Шеңбер ішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады. Олар ішкі шеңберде тұрғандарға қосылады да, ойыншылар қайтадан қол ұстасады. Осыдан кейін ойын жалғасады. Әдістемелік нұсқаулар. Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріп тұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріп шығуы керек. Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді. Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтар орын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандар саналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді. Ойынның педагогикалық маңызы. Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.		
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 14.30 – 14.50					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Балабақшадағы, мектептегі алғашқы күн. (Мектептегі алғашқы күн) Балабақша ауласында. ҮІӨ міндеттері:	2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері ҮІӨ міндеттері: жаз	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Білім – бұлағың. (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі) ҮІӨ міндеттері: Білім туралы түсінігін	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Менің досым. ҮІӨ міндеттері: суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту;	2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Бәрі де бар бақшада. (Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі) ҮІӨ міндеттері: Өлең мазмұнын қайталап

	балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; мазмұнды жалғастыру арқылы ой-киядарын дамыту; баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дағды: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Қолданады: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Түсіну деңгейі: «Б», «П» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота. Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ. Па-па-па – парта.	және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу. Дағды: топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы түсініктерге ие. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Үлестірмелі материалдармен танысу: шартты белгілермен, Ер Төстіктің достары: Саққұлақ (алыс пен жақындағыны еститін тыңшы), Желаяқ (ұшқан құс, жүгірген аңды қуып жететін жүйрік), Қырағы	кеңейту; ойлау қабілетін дамыту; ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу. Дағды: Олең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Түсінеді: Олең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін қандай мереке? Тақтаға Білім күніне арналған суреттер ілінеді. Білім, оқу, оқушы, мектеп туралы әңгіме жүргізіледі. – Балалар, өнер де, білім де тек оқудың арқасында болады. Келешекте мектепке барғанда оқу арқылы өнердің, білімнің қыр-сырымен танысасындар. – Балалар, бүгін – ерекше күн. Білім күні (слайдтан Білім күніне арналған сурет көрсетіледі). Балалар мектепке, балабақшаға барады. Балабақша – біздің екінші үйіміз. Сендер ақылды, тәрбиелі, ұқыпты, өнерлі, жақсы азамат болып өсулерің үшін балабақшада, мектепте көп нәрсе үйреніп, оқып, білім аласындар. Көптеген дос табасындар. Балабақша қызметкерлері сендерді өз баласындай мәпелеп, тәрбиелейді, көп нәрсеге үйретеді. – Бүгін біз ақын Ақылбек Шаяхметовтің «Білім –	бала бойындағы досына деген сенімділігіндамыту; достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу. Дағды: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады; Түсінеді : досына деген адалдықты, сенімділікті; Қолданады: бір-біріне қол ұшын бере біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: «Адал дос» деген әңгіме оқып береді. Адал дос Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпесырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу кара төбет арсылдап, тура алдарынан шығакелді. Абыз қатты қорқып: Аблан, қаш, эне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарыннан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына	айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу. Дағды: Олең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Түсінеді: Олең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Шаттық шеңберін құру. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ. – Қазір жылдың қай мезгілі? Күз кезінде далада қандай өзгерістер болады? – Бүгінгі ауа райы қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды. – Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау. Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер. – Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді
--	---	--	--	--	--

	Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Қолдану деңгейі: Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру. Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз. Сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің «Жел» өлеңімен жасатуға болады.) Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді.	(жердің асты-үстін көріп отыратын адам), Таусоғар (алып күштің иесі, тауды көтеретін күші бар) және Көлтауысар (бір көлдің суын ұрттап ішетін адам) есімді кейіпкерлермен танысады. Олар әр ҰІӨ сайын балалармен бірге болады және олармен бірге жаңа тақырыптарды меңгеріп, тәжірибелік жұмыстар жасауға атсалысады. Педагог жұмбақ оқиды: Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді. – Жұмбақ не туралы? – Жыл мезгілдері туралы. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. – Балалар, біз «Жаз және күз мезгілдері» ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінеміз, гүл алғандарың оң жаққа, жапырақ алғандарың сол жаққа орналасыңдар. Бүгін сабақта Ер Төстіктің	бұлағың» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді (толық мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Білімнің – бұлағың Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. <i>А. Шаяхметов</i> Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>қанатым талмайды</i> – ерінбей білім алу <i>қиялым самғайды</i> – армандау Тіл ұстарту жаттығуы: Біл-біл-біл – білімді бол. Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Өлеңнің авторы кім? – Өлең не туралы? Саған ұнады ма? – Бүгін қандай мереке? Мерекеде кімді құттықтайсың? Білімді деп көп оқитын, көп ізденетін адамды айтады. «Білімнің – бұлағың» өлеңінде білім туралы айтылған. Білімнің бастауын бізге ұстаз, тәрбиеші үйретеді. Ақын да, ғалым да – бәрі балабақшадан, мектептен білім алады. Сендер де балабақшадан көп нәрсені көріп, үйренесіңдер. Балалардың, яғни оқушылардың мектепке баратын күні – бірінші қыргүйек «Білім күні» деп	келіп: Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртыптастамас еді, – деді. Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан. Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп. Балалар, достар жайлы әңгіме сендерге ұнады ма? Әңгімеде достар қандай екен? Түсіну деңгейі: Мақал-мәтелдер Досы көпті, жау алмайды. Ақылы көпті, дау алмайды. Дос, доссыз өмір бос. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – Қызыл, сары, жасыл, көк –	(мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Өлең балабақша туралы. Балабақшаға тек қана балалар келетіндіктен, оны балабақша деп айтамыз. Балабақшада педагогтер, тәрбиешілер, дәрігер, музыка жетекшісі, аспаз жұмыс жасайды. Сендер балабақшада көп нәрсені үйренесіңдер. Үлкендердің көмегімен ән салып, би билеп, сурет саласыңдар. Табиғаттың сан алуан сырларымен танысасыңдар. Түсіну деңгейі: Сөздік жұмысы: <i>мазалайды</i> – ойлай беру <i>кілең</i> – тек қана, ылғи Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз? – Балабақшада сендерді кім қарсы алады? – Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды? – Балабақшада қандай бөлмелер бар? Сергіту сәті: Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Педагог «Бәрі де бар бақшада» өлеңін қайталап оқиды. Балалар педагогтің жетелеуімен өлең мазмұнын айтады.
--	--	---	--	---	---

		тапсырмаларын орындаймыз. Зырылдауықты айналдыру арқылы тапсырмаларды таңдаймыз, қай топ тапсырманы жақсы орындап, жұлдызшалар көп жинайды, сол топ жеңімпаз болады. Топтардың көшбасшылары сайланады, зырылдауықты айналдырады, бағыты қай санға келіп тоқтайды, сол санға байланысты тапсырма интербелсенді тақтадан шығады. Түсіну деңгейі: Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы. Қайың – ақ, жіңішке, діңі бар ағаш. Көктемде қайыңнан қайың шырыны алынады. Емен – күшті ағаш, дөңгелек, шеті иректелген жапырақтары бар, күзде жаңғақтары піседі. Үйеңкі – әдемі жапырақтары бар ағаш, күзде оның түрлі түсті	аталады. Бұл күн бәрімізге мереке. Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Алтын сандық» (баланың зейінін дамыту). Шарты: алтын сандықтың ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды атайды, ажыратып, бөлек жинайды. Сергіту сәті : Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретке қарап, өз ойыңды айт. Балаларды кім қарсы алып тұр? Балалардың көңіл күйі қандай? 2. Суреттегі заттардың жалпы және жеке атауын ата. 3. Сөмкеге не салу керек? Белгіле. 4. Мақалды жаттап ал. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін көп оқу, үйрену керектігін түсінеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Суретке қараңдаршы, оқушылардың көңіл қандай?		3-4 балаға өлеңнің мазмұнын мәнерлеп қайталап айтуды ұсынады. Қолдану деңгейі: Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суреттен не көріп отырсың? Балалар не істеп отыр? Балабақшадағы бөлмелерді ата. 2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді? Белгіле. 3. Балабақшаға баратын жолды үзік сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. «Менің балабақшам» ойыны (баланың қиялын, ойлауын дамыту). Шарты: «Лото» үстел үсті ойыны арқылы педагогтің көмегімен құрастырғыштан балабақшаның бейнесін құрастырады. Есінде сақта: Балабақша – базарлы үй. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. Балабақшадағы досыңның аты кім? Сен досыңды не үшін жақсы көресің? Балаларды мадақтау.
--	--	---	---	--	--

		жапырақтары кез келген саябақтың сәні болып келеді, жапырақтары күзде жерге түскенде, жерді кілем сияқты жауып жатады. Бұл ағаштардың ішінде емен жапырағы ғана күзде сарғаймайды, қоңыр, қошқыл түске боялып, қурайды. Тапсырма: «Ағаш пен жапырақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Зырылдауықты айналдырады. 3-слайд. Жазғы, күзгі алаңқайдағы өзгерістер жайлы көріністер шығады. – Күн сәулесі жарқырап, жерге нұрын шашып, ауада әдемі гүлдердің иісі шығып тұрды. Ормандағы жазғы әдемі алаңқайда гүл, шөп, бұталар өседі. Кәне, бәріміз тыңдайық! Бұл алаңқайда біреулер жүрген секілді. Олар не екен? Жақындап қарайық. (Балалар олардың жәндіктер екенін тауып, атайды). Жазғы алаңқайда қанқыз, шегіртке, инелік, көбелек, құмырсқа тіршілік етеді. Кенет ауа райы бұзылып, күн суыта бастады, жәндіктер әр жерге тығылды,	Оқушылар көп пе, аз ба? Оқушылар қалай киінген? Мектепке балалар не үшін барады? Білім күнін қалай мерекелейміз? Кітапты көп оқитын адамды кім деп айтамыз? Балаларды мадақтау.		
--	--	--	--	--	--

		шөптер сарғайып, гүлдер қурап қалды. Жазғы алаңқайға қандай мезгіл келді? Қолдану деңгейі: Күз мезгілі келді. Тапсырма: «Жазғы және күзгі алаңқай» ойыны. Панно жасау (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 4-слайд. Жаз, күз мезгілдеріндегі еңбек. Адамдар көктемде жер жыртып егін егеді, бау-бақша егеді, жазда оны күтеді, суарады, күзде піскен егінді оны қамбаға жинайды, егін жинау науқаны жүреді. Суреттегі техника мен құралдар қандай жұмыстарға арналған? – Комбайн, соқа, тырма, күрек – астық өнімдері мен картоп жинауға және жер жыртуға арналған техника мен құралдар (соқа – жер жыртуға арналған құрал, комбайнның тіркемесі). Тапсырма: «Еңбек құралдар көрмесі» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, біз жаз бен күз мезгілдері жайлы сөйлестік. Жаз, күз мезгілдерінің маусымдық өзгерістерін, адамдар еңбегін еске түсіреді. Жеңімпаздар			
--	--	--	--	--	--

		анықталып, жұлдызшалар саналады. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Ер Төстікті жыл мезгілдерімен таныстыр. Жыл мезгіліне байланысты серуенге шығатын киім таңда. Сызықпен қос. 2. Жыл мезгіліне байланысты ауа райы құбылыстарын, табиғаттағы өзгерістерді атап айт, жаз мезгіліне байланысты өзгерістерді жасыл түсті қарындашпен, күз мезгіліне байланысты өзгерістерді сары түсті қарындашпен қорша. 3. Суретті аяқта. Ненің жапырақтары екенін айт. 4. Жаңбырда қайсысы қайда жасырынады? Сызып көрсет.			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 14:50-15:00	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері»				
	Мәдени –гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Бата беру: <i>Асқа байлық-денге саулық берсін</i>	Өіне-өзі қызмет етуге үйрету Бата беру: <i>Дастарханымыз тоқ болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын</i>	Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту Бата беру: <i>Бақ-даулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа.</i>	Өіне-өзі қызмет етуге үйрету Бата беру: <i>Иманның бйлығын берсін, Құт-берекенің бәрі келсін.</i>	Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту Бата беру: <i>Бірлік берсін басыңа, Береке берсін асыңа .</i>
2 үзіліс – 14:50 – 15:00					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары					

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Ұлттық құндылықты қалыптастыру Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында					
БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР Тіл ұстарту жаттығулары Үз-Үз-Үз — Алтын күз Ақ-Ақ-Ақ – Түсті жапырақ Ән-Ән-Ән – Пісті дән					
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 15.00 – 15.20					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Менің мектебім. ҮІӨ міндеттері: ҮІӨ міндеттері: мектеп туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, диалогке қатысуға үйрету; білімпаздыққа тәрбиелеу. Дағды: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. Қолданады: сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	3.Сурет салу- шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Ағаш бұтақтары. <i>(Түрлі түсті қарындаштар)</i> ҮІӨ міндеттері: ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Дағды: қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты еркін салуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болатынын түсінеді, терек бұталары жайлы түсініктері кеңейеді; Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Бақыт	3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Дыбыс пен сөз. ҮІӨ міндеттері: -табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру; -екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту; -ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. Дағды: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады. Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп,	3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. ҮІӨ тақырыбы: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру. ҮІӨ міндеттері: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Дағды: тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, мәтінді қайталайды. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды, сөздерді. Қолданады: балабақша бөлмелерін атайды, қарапайым сұраққа жауап	3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. ҮІӨ тақырыбы: Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. ҮІӨ міндеттері: қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру; оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету; балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету; құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау. Дағды: қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін

	Білу деңгейі: Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің мектеп» жұмыс. Мынау – мектеп. (Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз). Қ-к-к – бақ-ша – балабақша. Мынау не? Мынау – мектеп Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды). Біздің мектеп қандай? Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. Түсіну деңгейі: Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударды.біздің балабақша – наш детский сад Қолдану деңгейі: Біздің балабақшамыз. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударды.біздің балабақша – наш детский сад	ағашы: – Балалар, күз мезгілі келді, өкінішке орай менің бұталарымның жапырақтары азайып жатыр. Мен сендердің өнерлі балалар екендеріңді естіп, ұзақ сапарға шығып, сендерді әдейі іздеп келдім. Маған сендердің көмектерің керек. Қатты желден түсіп қалған жапырақтарымды толықтырып бересіңдер ме? Түсіну деңгейі: Жұмыс басталмай тұрып балалардан ағаштың бұталары қандай болатыны, жапырақтардың қайда өсетіндігі сұралады және балалар жауаптары толықтырылады (терек ағашынан сіріңке, қағаз жасайды, теректің бұтақ шоғырының түрі пирамидаға, жапырағы жалпақ, ромб пішініне ұқсайды). Қолдану деңгейі: Балаларға терек бұтасының суретін салу жолдары үлгі ретінде көрсетіліп, түсіндіріледі: ең алдымен, қалың сызықпен теректі (бұта) сызып аламыз, діңі, төменгі бөлігі жуан, ағаштың басына қарай жіңішкере түседі,	Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз. Педагог: – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өлеңді балаларға оқып береді. Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. Өлең жолдарында ненің дыбыстары туралы айтылған айтып көрейікші. – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тактада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша	береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Дидактикалық ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға мектептің,балабақшаның суреттерін көрсетіп,өткен ҰІӨ қайталайды. Жаңа сөздермен таныстыру. Ойын: «Біз саяхат жасаймыз». Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз. Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балалардыемдейді. Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды. Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар? Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады. Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады. Түсіну деңгейі: Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынадыжәне сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.	қалыптастыруға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға дайын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: – Балалар, Саққұлақ нелердің дауысы екенін ажырата алмай қалыпты. Педагог балаларға құстардың сайраған, кикүлаған, шықылықтаған дауыстары жазылған ұнтаспаны тыңдатады. Балалар дауыстар құстардікі екенін тапқан соң, өлең оқиды: Қош бол туған жеріміз, Қайта айналып келгенше Айдын шалқар көліміз. Аман-сау бол, еліміз! Өлеңнің не туралы екенін сұрап, балалардың пайымдаулары тыңдалады. Педагог жетекші сұрақтар арқылы өлеңнің мазмұны туған жерін, айдын көлін тастап, жылы жаққа ұшып бара жатқан құстар деген жауапқа әкеледі. Түсіну деңгейі: Ұшып кететін құстарды тағы қалай атауға болады? – Отырықшы құстар. – Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? – Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? – Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте аз болады.
--	--	---	---	--	--

		дініне көлбеу сызықтар сызу арқылы бұтақтарын саламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз. Содан кейін терек бұтақтарына ретімен біртіндеп жапырақтар саламыз. Жапырақтарды қарындашпен әдемілеп тегістеп бояймыз. Сергіту сәті: Сары жапырақтар жауғанда Күзде жауын. Бұлт. Тұман. Сары жапырақ жауады: Сары құйын ұйтқыған, Сапырады ауаны. Тапталды табанға, Судыр-судыр жапырақ. Өттей сары бояуға, Малынғандай атырап. (Мұзафар Әлімбаев)	дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады. Педагог тақтаға суреттер іліп көрсетеді. – Мысалы: ет, ұн, сөздері екі дыбыстан, ата, төрт, тарак сөздері үш, төрт, бес дыбыстан тұрса жапырақ, домбырашы сөздері жеті, тоғыз дыбыстан құралған. Сөз айтылады және жазылады, сондықтан дыбыстар белгілі таңбамен белгіленеді. Түсіну деңгейі: «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы Шарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді. 1-топ: ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой, өр, ұр, аң, ат, ши т.б. 2-топ: бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр, кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, ише, сыз, қыз т.б. 3-топ: қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр,	Ші-ші-ші – бір-ін-ші қабат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады. Ші-ші-ші – е-кін-ші қабат-та қазақ тілі бөлмесі бар. ең-ең-ең – балабақша кең. ық-ық-ық – бөлмелер жарық. нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды). Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Мектеп және балабақша бөлмелерінің қазақша атауын естеріне сақтау. Кабинет казахского языка ... (қазақ тілі кабинеті) Музыкальный зал ... (музыка залы) Кабинет врача ... (дәрігердің бөлмесі) т.б.	Интербелсенді тақтадан бейнебаянға назар аударады: – Жазда күн жылы, қорек көп, сондықтан олар ұя салады, балапандарын өсіреді. Ал суық ауа райының басталуымен олар ыстық елдерге ұшады, өйткені жылы жаққа ұшатын құстар қыста азық қорын жинамайды, қар астынан қоек таба алуды білмейді. Қыстайтын құстар (торғай, көгершін, сауысқан, тоқылдақ, қарға, суықторғай) ағаш қабығының арасына, үй мен қоршаулардың қуыстарына тығылған жәндіктермен қоректенеді, өсімдік тұқымдарын жейді. «Қай құс ұшып кетті?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады. Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз? (Балалардың жауаптары тыңдалады) – Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз? – Жемсауытқа. Қолдану деңгейі: Жемсауытқа. «Жемсауыт жасау»
--	--	---	--	---	---

			қала, дала, бала т.б. «Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен). Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазан(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж) т.б. Қолдану деңгейі: Сергіту сәті Кім таңертең жаттығудан қалмайды, Сол ауырып дәрігерге бармайды. Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан, Дені сау боп балалармен ойнайды. Үстелде отыру ережесімен таныстыру. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). 3. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Саусағымыз айқасып,	ойыны. «Құстарды қоректендіреміз» ойыны. Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар «Құстар» және «Балалар» деген екі топқа бөлінеді. – Біздің достарымыз – құстарға не айтамыз, құстар бізге не айтады? «Балалар» тобы: – Құстар – біздің досымыз. Біз оларға жамсауыт жасап, қыста қоректендіреміз. «Құстар» тобы: – Біз бау-бақшаны зиянды жәндіктерден қорғаймыз. Ән салып, бау-бақшаны көңілдендіреміз: чик-чирик, чик-чирик. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Саққұлаққа қыстап қалатын және жыл құстары туралы әңгімеле. Артық құсты қорша. Өз жауабыңды түсіндір. 2. Жемсауытқа құстардың азықтарының суреттерін бейнеле. 3. Бірінші ағашқа қыстап қалатын құстарға қажетті заттардың, екінші ағашқа жыл құстарына қажетті заттардың суреттерін сал. Құстарға қандай көмек көрсетесің? 4. Қолдан жасалған жемсауыт түрлерін қара. Олар неден жасалған? Үйде қайсысын жасар едің? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.
--	--	--	---	--

			«Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады, Білекке сенім артады. Жұмыс дәптерімен жұмыс <i>(графикалық жұмыс)</i> 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды. – Сөз неден жасалады? – Дыбыс деген не? – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		
Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру 3 үзіліс – 15:20 – 15:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке» Басты міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру.					



Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»

Ойынның міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.

Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру, қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : «Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаған кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. Ойынға қатынасушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың, не жігіттің көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:

Қараңғыда көзім жоқ,

Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас,

Қала бермек көзім боп,

— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала толған ойнаушылар қашып жүріп:

Соқыр — соқырақ,

Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын, Тотияйын салайын

Саған бір ем табайын,

— деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы ұтылады да, екеуі орын ауыстырады. «Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:

Бұзау, бота, құлыншақ,

Токты, серке, торпақ,

Тана, тай, тайлақ,

Құнан, дөнен бесті бар.

Малдың жасын айыра біл.

Естіп ал!

Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.

Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,

Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»

Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.

Балалар:

Соқыр теке бақ – бақ

Біз айтамыз таппақ.

Мықты болсаң тауып көр.

	аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін. Қолданады: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: 1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату. 2. Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру. Түсіну деңгейі: «Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы. Қолдану деңгейі: «Өз-өзіңе кел» психологиялық-қозғалыс жаттығуы	орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын. Қолданады: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i>«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Білімнің – бұлағын» (Т. Қоңыратбай) Балалармен білім күні	жүргенде қолдарының соған сәйкесқимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: I. Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру. 4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс амплитудасын қолданады. Баяу жүгіру (2 минут) – қолдарын кеуде тұсына жоғары-алға, ішке қарай бағыттайды, сосын шынтағымен артқа қарай қозғалтады. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. <i>«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.</i> Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішінееркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу. Бұл жаттығу қақырық түсуіне көмектеседі. <i>Энергетикаландырушы тыныс алу</i> Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамды өшіргендей шұғыл шығару. Сосын 2-3 рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау. <i>Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.</i> Демін ішке еркін тартып, мүмкіндігінше кідіру. Демін	тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i>«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Білімнің – бұлағын» (Т. Қоңыратбай) Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. <i>Білім</i> деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай ағын су	сақтау қажеттігін. Қолданады: допты соға білуді, екі аяқпен секіре білуді, допты қағып алу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу деңгейі: Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүгіру. Қолға арналған жаттығулар орындап жүру. Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау (№1) Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігінен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерінтүзу ұстайды. Түсіну деңгейі: Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. (3 рет). Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кездеқұрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі. Қолдану деңгейі: Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге
--	--	---	---	--	--

		туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. <i>Білім</i> деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту. Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды. Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады.	ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап, созыңқы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау. Түсіну деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет. Қолдану деңгейі: «Теңгерім түймесі» жаттығуы. Бастапқы қалып негізгі тұрысты қабылдайды. Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артындағы бас сүйегінің астына таяу тұрған шұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тыныс тартады». Бір минуттан кейін сол қолымен сол құлағының артындағы шұңқырлау жерінен басып, оң қолымен кіндіктен басып, дәл солай «энергияны ішіне тартады». (5 рет)	сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту. Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды. Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады.	жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділіктерін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру. Ойын: «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.
--	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық 15:50-15:55	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.				
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру «Біз табиғат қорғаушыларымыз!»Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында					

«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 15:55 – 16:15	Қыркүйек Серуен кешені №1 Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау <i>Міндеттері:</i> — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру; — әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. <i>Бақылау барысы</i> Жұмбақ жасыру Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) -Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) -Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер? ♦ Адамдар күзде не істейді? ♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? ♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы	Қыркүйек Серуен кешені №2 Күздің алғашқы белгілерін бақылау <i>Міндеттері:</i> — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; — Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. <i>Бақылау барысы</i> Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер? ♦ Күзде ауа-райы қалай	Қыркүйек Серуен кешені №3 Қайың ағашын бақылау <i>Міндеттері:</i> - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; — Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету <i>Бақылау барысы:</i> Көркем сөз <i>Сырғалы қайың, ақ қайың. Сырыңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын.</i> Балаларға сұрақтар: -Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? -Олардың жапырақтары неге сарғаяды? -Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды? -Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. Еңбек: Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Міндет: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. Қимылды ойын: «Допты ұста» Міндет: қағып алуға және келесіге беруге үйрету. Жаттығу ойындары: Міндет: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету. Мақал-мәтелдер: 1.Қалың ну халық саулығы. 2.Көк орман –Отан байлығы.	Қыркүйек Серуен кешені №4 Өрмекшіні бақылау <i>Міндеттері:</i> — өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; — айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. <i>Бақылау барысы:</i> Көркем сөз <i>Сенде айтышы өрмекші, Неше аяқ, неше қол? Жауап берші өрмекші Неше аяқ, неше қол? -Табандарым жолға тисе, Зымырайды аяқтай. Табандарым өрмек тоқиды Қолдармен өрнек салғандай, Шіркейлерді ұстағанда, Аяқтарым пышақтай. Егер шыбын кездессе, Қағып алам ұзатпай! Тәрбиеші сұрақтары: ♦ Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді) ♦ Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.) ♦ Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (жселмен, жсаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.) ♦ Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді) Зерттеу жұмысы: Өрмекші торын тауып, қарау.</i>	Қыркүйек Серуен кешені №5 Күн — жылу мен жарық көзі <i>Міндеттері:</i> — күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; — ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; — табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> Психологиялық жаттығу: «Күнишақ» Міндет: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. Сұрақтар: ♦ Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? ♦ Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады.
---	--	--	--	--	--

	дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. <i>Міндет:</i> —орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; —экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Бәйге». <i>Міндет:</i> Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру <i>Міндет:</i> сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру. Халық болжамы: Жаз жсауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.	өзгереді? ♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? ♦ Адамдар күзде не істейді? ♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. <i>Міндет:</i> —орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; —экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». <i>Міндет:</i> Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру <i>Міндет:</i> Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.	3.Орман-ел дәулеті, жер сәулеті. 4.Бір тал кессең, он тал ек. 5.Ағаштың да ағайыны бар. 6.Жалғыз ағаш орман болмас. 7.Ағаштың ажалы балтадан.	Еңбек: «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру <i>Міндет:</i> гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу Қ/О: «Үнсіз өт» <i>Міндет:</i> Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту Міндет: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау. Халық болжамы: Өрмекші бұрышқа тығылса жсел болады.	Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз. Сұрақтар: ♦Күнге бетінді бұрғанда нені сезінесің? -Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма? Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Еңбек: Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу. Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда» <i>Міндет:</i> қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру Жаттығу ойындары: «Шенберге түсір» <i>Міндет:</i> нысанаға көздеуге жаттықтыру
--	--	--	--	--	---

Серуеннен оралу 16:15-16:20	Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Эмоцияны білдіретін сөздерді айтқызу жаттықтыру	Геометриялық пішіндерді үйрету	Қарапайым құрылыстарды құруға үйрету	Өкпенің тыныс алу шығаруын жақсарту, үрлеу жаттығуларын жасату	Қол моторикасын зейінді дамыту . Сипап сезу моторикасын дамыту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Доптарды себетке лақтыру» Міндеттері: Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Залкеңістігін бағдарлай білу. Дағды: Ойынның шарты: Тыныс алуды қалыпқа келтіру.	Мемлекеттік тілді меңгерту Танымдық-қимылды ойын Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын,сен аяқта» Міндеттері: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дағды: Ойынның шарты:	Дидактикалық дыбыстық жаттығу: «Суреттерді қос» Міндеттері: Суреттерді бірнеше рет құрастыру арқылы есте сақтауларын дамыту. Дағды: Ойынның шарты:	Мемлекеттік тілді меңгерту Дидактикалық ойын: «Жанрды тап». Міндеттері: Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Дағды: Ойынның шарты:	Мемлекеттік тілді меңгерту Дидактикалық ойын: «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...» Міндеттері: өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету. Дағды: Ойынның шарты:
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 16.20 – 16.25					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 16:20-16:25	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурызындағы № 137 қаулысы бойынша				
	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Балаларды мектепке бейімдеу» тақырыбында кеңес беру. Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Ата-анаға кеңес: Сұхбаттасу. «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқуға болатыны жөнінде кеңес беру. Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Ата-анаға кеңес: Әңгімелесу: «Менің отбасым» тақырыбында кеңес беру. Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-анаға кеңес: Қауіпсіздік кеңес: «Тұмаудан сақтау жолдары» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес: Әңгімелесу: «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану.(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.

Мектепалды дайындық сыныбының тәрбиешісі: Аубакирова А.Ж.